
НЕФТЯНАЯ ОТРАСЛЬ

ЭОЖ 338.012

<https://doi.org/10.47533/2020.1606-146X.63>

А. У.*МУХАММЕДОВ¹, А. Б. ТАСМАГАНБЕТОВ²

¹Халықаралық Бизнес университеті, Қазақстан

²Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Мақалада отандық мұнай-газ саласының қазіргі жағдайы сипатталды. Мұнай-газ өндірісіндегі шикі мұнай мен табиғи газ өндірістерінің мөлшері талданды. Облыстар бойынша мұнай, газ конденсатын қосқанда өндірісі мен табиғи газдың жалпы шығарылымы келтіріліп, талдау жасалды. Негізгі қызметтегі қызметкерлердің саны келтірілген. Саланың негізгі қызметіндегі қызметкерлердің орташа айлық жалақысы анықталды.

***Түйін сөздер:** мұнай, газ, өндіріс, газ конденсаты, ілеспе газ, өңір.*


Мұнай-газ ресурстарын өндіру секторы Қазақстан экономикасының негізгі дамытушы саласы болып табылады. Бұл сала жалпы ішкі өнімнің, бюджеттік түсімдер мен елге келетін валюталық түсімдердің негізгі бөлігін қалыптастырады.

Мұнай-газ ресурстарының дәлелденген қоры бойынша Қазақстан әлемнің жетекші елдердің қатарына енеді. Қазақстан Ресей Федерациясынан кейін ТМД республикалары арасында көмірсутегі қоры бойынша екінші орында тұр [1]. Қазақстан – мұнай және газ әлем нарығындағы ең ірі ойыншыларының бірі. Қазақстанда ең үлкен дәлелденген табиғи газ қоры бар, сонымен қатар елдегі дәлелденген мұнай қоры көрсеткіштері бойынша алғашқы ондыққа кіреді. Оның үстіне соңғы жылдары энергетикалық ресурстарды экспорттау Қазақстандағы экономикалық өсудің негізгі факторына айналды. Құрлықтағыны есепке ала отырып, Қазақстанның көмірсутегі шикізатының алынатын қоры мұнайдың 35 млрд. баррелін (4,8 млрд. тонна) және газдың 3,4 триллион текше метрін құрайды [2]. Әлеуетті ресурстар бойынша республикада мұнай өндірісі болжамды бағалау бойынша 2030 жылға қарай - 120-150 млн. тоннаны құрайтын болады [3]. Жалпы өнеркәсіп саласында кен өндіру өнеркәсібінің үлесі жоғары, әсіресе соның ішінде мұнай мен газды өндіру саласында. Бұны төмендегі 1 суреттен байқауға болады.

1 суреттегі мәліметке сәйкес Қазақстандағы мұнай-газ өндірісінің көлемі жыл сайын артқан. Мұнай-газ өндірісіндегі басым бөлігін шикі мұнай өндірісі иеленеді. Мұнай мен газ өндірісінің бүгінгі күндегі көлемі республиканың ең барынша аз

*Адрес для переписки. E-mail: abum07@mail.ru

ішкі нарығының қажеттілігін қанағаттандырады. Сонымен қатар Қазақстанның ішкі нарығының географиясы, әсіресе мұнай мен газ өнімдерін тұтынудағы негізгі аймақтардың қашықтығы экономиканың мұнай саласымен өзіндік қамтамасыз етуде проблемалар туғызуда. 2009 жылдан бастап мұнай-газ өндірісіндегі шикі мұнай өндірісінің үлесінің жоғары болуы сол жылы өндіріс көлемінің өткен жылға қарағанда өсуімен байланысты.



Ескерту - [4,5] негізінде авторлармен әзірленген

Сурет 1 – Мұнай-газ өндірісіндегі шикі мұнай мен табиғи газ өндірістерінің мөлшері

Мұнай-газ өндірісіндегі шикі мұнай өндірісінің үлесі жоғары. Шикі мұнай өндірісінің үлесі 80-не астам %-ды құрайды. 2011 ж. шикі мұнай өндірісінің үлесі 84,6 % болса, 2017 ж. 84,6 % және 2018 ж. 85,8 % дейін артты. 2018 ж. 2011 жылмен салыстырғанда шикі мұнай өндірісінің көлемі 14,3 %-ға артқан. Мұнай-газ өндірісіндегі шикі мұнай өндірісінің көлемі басым. Шикі мұнай өндірісінің көлемі құбылмалы. 2011-2012 жылдары және 2014 жылдан бастап 2016 жылға дейін шикі мұнай өндірісінің көлемі азайып келді. Бірақ 2017 жылдан 2018 жылға қарай қайта өскен болатын. Сәйкесінше мұнай-газ өндірісіндегі үлесі артты. Республиканың мұнай-газ өндірісіндегі шикі мұнай өндірісінің төмендеуі салдарынан жалпы мұнайдың өндірісінің қысқаруына әкелді. Шикі мұнай өндірісінің 2014 жылмен салыстырғанда 2016 жылы 3,4 %-ға төмендеуі жалпы сала деңгейінде өндіріс көлемінің 3,4 %-ға қысқаруына әкелді. Шикі мұнай өндірісінде кейбір жылдары өндіру көлемінде кему орын алғанымен табиғи газ өндіруде тұрақты өсім байқалады. 2018 ж. өсім алдыңғы жылмен салыстырғанда 4,8 % болса, 2015 жылы 4,7 %, 2013 жылы 5,2 % және 2012 жылы 1,9 %-ды құрады.

Республиканың мұнай-газ саласындағы ілеспе газ бен газ тәріздес жағдайдағы табиғи газдың өндіру көлемдерінің өзгерісі орын алды. Табиғи газ өндірісінде ілеспе газ бен газ тәріздес жағдайдағы табиғи газ өндіріледі. Олардың өндіріс көлемдері әр жылдары әртүрлі. 8 жылдың ішінде ілеспе газ өндірісінің көлемі 20198-ден 32785 млн. текше метрге дейін артса, газ тәріздес жағдайдағы табиғи газды өндіру көлемі 10504-тен 13002 млн. текше метрге дейін көбейді. Бұл, сәйкесінше, 62,3 % және 23,7 % артқандығын көрсетеді.

Республиканың табиғи газ өндірісінде ілеспе мұнай-газ өндірісінің көлемі басым. Ілеспе газдың үлесіне республикадағы өндірілетін газдың 50%-дан астам тиеді. Соңғы жылдары республикада өндірілетін газдың жартысынан астамы ілеспе газ есебінен өндірілді. Ілеспе газ өндірісінің көлемі жыл сайын артып келеді. 2018 жылы 2011 жылға қарағанда ілеспе газ өндірісінің үлесі 51,2 %-дан 59,1 %-ға дейін артқан. 2013 жылдан бастап оның өндіріс көлемі артқан. Ілеспе мұнай газ өндірісі көлемі шикі мұнай өндірісіне шамамен 1,5 есеге пропорционалды. 2012 ж. ілеспе газ өндірісінің төмен болуы сол жылы жалпы мұнай өндірісінің төмендеуімен байланысты болды. 2012 ж. шикі мұнай мен ілеспе мұнай газ өндірістері 1,9 %-ға төмендеген. Осыған байланысты ілеспе мұнай газ өндіру көлемінің үлесі жалпы табиғи газ өндірісінде азайған. Қарастырып отырған 8 жылдық мерзім аралығында ілеспе газ өндірісінің көлемі орташа шамамен 7,4 %-ға өскен.

Республиканың мұнайлы аймақтарын қарастыратын болсақ. Мұнай-газ өнеркәсібінің негізгі құрамдас бөлігі болып саналатын мұнай (газ конденсатын қосқанда) өндірісінің көлемінің өңірлер бойынша көрсеткіштерін төмендегі 1 кестеден көруге болады.

Кесте 1 – Облыстар бойынша мұнай, газ конденсатын қосқанда өндірісі, мың тонна

	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Ақтөбе	8523	8625	8277	7353	6814	6203	5986	5919
Атырау	30242	29019	32244	31943	32390	33681	42230	47284
Батыс Қазақстан	12461	12956	12528	13061	12748	12347	13162	12692
Жамбыл	0,0	0,0	0,0	20,7	18,5	20,8	20,6	0,0
Қызылорда	10955	108823	10588	9 919	8 974	7 669	6 814	6 393
Маңғыстау	17858	17720	18127	18527	18510	18110	17981	18053
Шығыс Қазақстан	0,0	0,0	0,0	0,8	0,0	0,0	0,1	0,0
<i>Ескерту</i> - [4,5] негізінде авторлармен әзірленген								

1 кестедегі мәліметке сәйкес, республика облыстарының ішінде мұнай, газ конденсатын қосқанда, өндіру жағынан алғашқы орында Атырау облысы, одан кейін Маңғыстау мен Батыс Қазақстан облыстары тұр. Шикі мұнай өндірісінде облыстар шеңберінде қарастыратын болсақ, Атырау облысында жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Жамбыл облысынан басқа облыстарда шикі мұнай өндіріледі. Шикі мұнай өндірісі негізінен Атырау, Маңғыстау, Қызылорда және Ақтөбе облыстарында өндіріледі. Қалған облыстарда шикі мұнаймен қатар газ конденсаты шығарылады. Шикі мұнай өндірісінде Атырау облысының үлесі жоғары. Оның үлесі 2018 ж. 61,1 % -ға жетті, бұл 2011 жылға қарағанда 16,5 % -ға артық. 2014 ж. оның үлесінде 47,1 % болса, 2016 ж. 51,4 % дейін өскен. Атырау облысында 2014 жылдан бастап шикі мұнай өндірісі тұрақты артып келеді. Маңғыстау облысының үлесі өткен жылдарға қарағанда азайған. 2009 ж. оның үлесі 28,6 %-ды құраса, 2011 ж. 26,2 %-ды, 2015 ж.

19,4 %-ды және 2018 ж. 23,3 % -ды құрады. Қызылорда облысының жыл сайын шикі мұнай өндірісі мен үлесі де төмендеген. 2009 ж. 17,4 % болса, 2011 ж. 16,2 %-ды, 2015 ж. 13,5 %-ға және 2018 ж. 8,5 %-ға дейін азайған. Бұл облыста негізінен шикі мұнай өндіріледі. Ақтөбе облысында шикі мұнай өндірісі жыл сайын азайып келеді. 2011 ж. 8515 мың тоннадан 2018 ж. 5678 мың тоннаға дейін азайды. Батыс Қазақстан облысында кейбір жылдары өндірілмей келсе, Шығыс Қазақстан облысында 2015 жылдан бастап шикі мұнай өндірісі мүлдем тоқтатылды.

Газ конденсаты 7 облыстың 4-де ғана өндіріледі. Қазақстанда жалпы өндірілетін газ конденсатының 99 пайызы Батыс Қазақстан облысында өндіріледі. Соңғы 8 жылда газ конденсатын өндіру көлемі көп өзгермеген. Маңғыстау облысында газ конденсатын өндіру мөлшері 2018 ж. 2013 жылмен салыстырғанда шашамен 4 есе азайған. Ақтөбе облысында 2011 ж. 7,5 мың тоннадан 2016 ж. 298,9 мың тоннаға дейін артқан.

Табиғи газ өндірісі республиканың 7 облысында шоғырланған. Табиғи газ өндірісінің көлемі облыстар бойынша төмендегі 2 кестеден көруге болады.

Кесте 2 – Облыстар бойынша табиғи газдың жалпы шығарылымы, млн. текше метр


	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Ақтөбе	4012	4344	4264	4495	6144	6587	6730	6864
Атырау	13719	12917	14812	14787	15138	15925	20923	23609
Батыс Қазақстан	17259	18886	19154	19906	19688	19197	20177	19929
Жамбыл	0	0	0	327,8	0	0	343,7	0
Қызылорда	1538	1554	1497	1476	1320	1281	1152	1052
Маңғыстау	2677	2274	2149	2026	2536	2888	3089	3119
Шығыс Қазақстан	0	0	0	419,6	0	0	0	0
<i>Ескерту</i> - [4,5] негізінде авторлармен әзірленген								

Газ тәріздес жағдайдағы табиғи газ негізінен Батыс Қазақстан облысында өндіреді. Облыста өсу тенденциясы байқалады. Сондай-ақ Маңғыстау облысының үлесі де елеулі. Бірақ бұл облыста газ тәріздес жағдайдағы табиғи газды өндіру көлемі азайған. Қалған облыстардың үлесі шамалы. Жамбыл облысында газдың мұндай түрінің өндірісі өткен жылдармен салыстырғанда азайған.

Ілеспе мұнай газды өндіруде өсім байқалады. Ілеспе мұнай газ негізінен Атырау облысында өндіріледі. Себебі шикі мұнай өндіруде Атырау облысының үлесі елеулі. Соған байланысты ілеспе мұнай газы осы облыста көп көлемде өндіріледі. Екінші орында Ақтөбе облысы. Облыс 2011 ж. 3792 млн. текше метр өндірсе, 2017 ж. 6610 млн. текше метр шығарылды.

Мұнай-газ өнеркәсібінде жұмыс жасайтындар туралы 2 суреттен көруге болады. Мұнай-газ өнеркәсібінде жұмыс жасайтындардың саны соңғы жылдары артқан. Бірақ 2013-2014 жылдары өткен жылдармен салыстырғанда азайған болатын. Соның

нәтижесінде мұнай-газ саласындағы жұмыс жасайтындардың үлесі өнеркәсіп саласында жұмыс істейтіндердің арасында төмендеп кейін артқан.



Ескерту – [4,5] негізінде авторлармен әзірленген

Сурет 2 – Негізгі қызметтегі қызметкерлердің саны, мың адам

2 суреттегі мәліметке сәйкес өнеркәсіптің негізгі қызметіндегі қызметкерлердің жалпы санындағы үлесі мұнай-газ саласындағы жұмыс жасайтындардың 1 %-ға өткен жылмен салыстырғанда көбейген. Бірақ жұмыс жасайтындар санының қысқаруына қарамастан осы жұмыс жасайтындардың орташа айлық жалақысы керісінше 2013 жылы артқан. Егер 2012 жылы орташа айлық жалақы бұл салада 309128 теңгені құраса, 2013 жылы 393946 теңгеге жетті. Мұнай-газ саласында қызмет ететін жұмысшылардың жалақысының өсуі саланың негізгі қызметіндегі қызметкерлердің орташа айлық жалақысының өнеркәсіптің негізгі қызметіндегі қызметкерлердің орташа айлық жалақысына қатынасын өзгертті. Мұнай-газ саласының негізгі қызметіндегі қызметкерлердің орташа айлық жалақысының өнеркәсіптің негізгі қызметіндегі қызметкерлердің орташа айлық жалақысына қатынасы 2012 жылы азайғанымен 2013 жылы өткен жылдардағы деңгейге қайта өсті.

Сонымен, мұнай-газ өнеркәсібі елдің негізгі бюджетін толтыратын сала ретінде ғана емес, сонымен қатар жұмыс орындармен қамтамасыз ететін және елге тартылатын инвестициялардың басым бөлігін қалыптастыратын сала болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1 Рахматуллина Г. Экспорт углеводородных ресурсов Казахстана: современное состояние и перспективы // KAZENERGY. – 2014. – №12. – С. 100-102. [Rahmatullina G. Eksport uglevodorodnyh resursov Kazahstana: sovremennoe sostoyanie i perspektivy // KAZENERGY. – 2014. – №12. – S. 100-102.]

2 Кенжеғалиев А., Мамбетов М.Н., Хасанова А.А., Акасова А.А. Современное экологическое состояние окружающей среды Жанажольского месторождения // Нефть и газ. – 2014.

– №3. – С. 88-92. [Kenzhegaliev A., Mambetov M.N., Hasanova A.A., Akasova A.A. Sovremennoe ekologicheskoe sostoyanie okruzhayushchej sredy ZHanzhol'skogo mestorozhdeniya // Neft' i gaz. – 2014. – №3. – С. 88-92.]

3 Ауезов А., Алдыяров Т., Қожабеков С., Габдракипов А. Банк качества казахстанских нефтей, транспортируемых по магистральному трубопроводу Узень-Атырау-Самара // Промышленность Казахстана. – 2013. – №5. – С.16-19. [Auezov A., Aldyayarov T., Qozhabekov S., Gabdrakipov A. Bank kachestva kazahstanskih neftej, transportiruemyh po magistral'nomu truboprovodu Uzen'-Atyrau-Samara // Promyshlennost' Kazahstana. – 2013. – №5. – С.16-19.]

4 Промышленность Казахстана и его регионов. Статистический сборник. / Под ред. Н.С. Айдапкелова. – Астана, 2016. – 145 с. [Promyshlennost' Kazahstana i ego regionov. Statisticheskij sbornik. / Pod red. N.S. Ajdapkelova. – Astana, 2016. – 145 s.]

5 Промышленность Казахстана и его регионов. Статистический сборник. / Под ред. Н.С. Айдапкелова. – Нур-Султан, 2019. – 200 с. [Promyshlennost' Kazahstana i ego regionov. Statisticheskij sbornik. / Pod red. N.S. Ajdapkelova. – Nur-Sultan, 2019. – 200 s.]

А. У. МУХАММЕДОВ¹, А. Б. ТАСМАГАНБЕТОВ²

¹Университет Международного Бизнеса, Казахстан

²Актюбинский региональный государственный университет
имени К.Жубанова, Казахстан

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ РАЗВИТИЯ НЕФТЕГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ КАЗАХСТАНА

В статье раскрыто современное состояние отечественной нефтегазовой отрасли. Проанализирован объем производства сырой нефти и природного газа в нефтегазовом производстве. Проведен анализ валового выпуска природного газа и производства нефти, включая газовый кон-денсат по областям. Приведена численность работников в основной деятельности. Определена среднемесячная заработная плата работников в основной деятельности отрасли.

Ключевые слова: нефть, газ, производство, газоконденсат, попутный газ, регион.

A. U. MUHAMMEDOV¹, A. B. TASMAGANBETOV²

¹University of International Business

²K. Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan

CURRENT STATE OF DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN'S OIL AND GAS INDUSTRY

The article describes the current state of the domestic oil and gas industry. The volume of crude oil and natural gas production in the oil and gas industry is analyzed. The analysis of the gross output of natural gas and oil production, including gas condensate by region, is given and carried out. The number of employees in the main activity is given. The average monthly salary of employees in the main activity of the industry is determined.

Keywords: oil, gas, production, gas condensate, associated gas, region.